

БББ паспорты

БББ атауы	7M04173 – ІСКЕРЛІК ӘКІМШІЛЕНДІРУ
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M04 - Бизнес, басқару және құқық
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M041 - Бизнес және басқару
Білім беру бағдарламаларының тобы	M072 - Менеджмент және басқару
Оқыту тілі	Қазақ, орыс
Дайындық бағыты	ЕМВА бағдарламасы
Білім беру бағдарламасының көлемі	60 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО	-
Білім беру бағдарламасы-ның мақсаты	Қазақстанда да, шетелде де сұранысқа ие, әлеуметтік-экономикалық және басқару проблемаларының стандартты емес, тиімді шешімдерін таба алатын, креативті ойлайтын, бастамашылық көрсете алатын, пікірлестер командасын құра алатын және алға қойған мақсаттарға қол жеткізе алатын іскерлік әкімшілендіру саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлау.
Берілетін дәреженің атауы	«Іскерлік әкімшілендіру магистрі»
Кәсіби қызмет саласы	<ul style="list-style-type: none"> • Басқару және бизнес • Кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйымдар/мекемелер; • Бизнес-құрылымдар; • Эксперименттік-зерттеу, жобалау-конструкторлық және консалтингтік ұйымдар.
Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері	<p>ОН1. Фирманың стратегиялық міндеттерін шешу, мемлекеттік және фирмаішілік деңгейлерде Кайдзен бизнес үдерістерінің, маркетингтік технологиялардың, HR менеджментің және инновациялық кәсіпорынның заманауи құралдары мен әдіснамасын меңгергендігін көрсету</p> <p>ОН 2. Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін, персонал құзыреттілігінің кәсіби деңгейін арттыру және цифрлық технологиялар негізінде</p>

инновациялық бизнес моделін құру бойынша креативті бизнес-идеяларды жинақтау.

ОН 3. Корпоративтік іскерлік имиджді кәсіби тұрғыдан қалыптастыру, ұйымдастыру мәдениеті мен көшбасшылық қасиеттерін дамыту, кәсіпкерлік қызметке басшылықты білікті жүзеге асыру, мүдделер қақтығысын сипаттау, тәуекелдерді есептеу және болжау, оларды төмендету тәсілдерін табу, қарама-қайшы жағдайларды түзете білу.

ОН 4. Белгісіздіктің өсуі жағдайында түрлі салаларда ғылыми зерттеу негізінде тиімді бизнес-модельдерді, өндірісті орналастыру стратегияларын әзірлеу, бизнес дамуының оптимистік және пессимистік болжамдарын жасау.

ОН 5. Жобаларды басқару, басқарудың озық технологияларын меңгеру, кәсіби міндеттерді шешу дағдыларын дамыту және көшбасшылық қасиеттерді іске асыру негізінде олардың тиімділігін бағалаудың және кадр саясатын қалыптастырудың инновациялық әдістемелерін қолдану.

ОН 6. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың құқықтық аспектілерін қолдану, іскерлік этиканы сақтау.

ОН 7. Салық салу жүйесін, мемлекеттің қаржысын, бюджетаралық қатынастарды оңтайландыру тәсілдерін түсіну, жобалар мен бастамалардың тиімділігін бағалай білу, мультипликативтік және синергиялық әсерлерді есептеу, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың экономикалық тетігін меңгеру.